

# Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі

Уәлібек Ақбота/ ҚТӘ 47

# Бесінші сыныптың қазақ тілі оқулығынан алынған ережелер [1]

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІ

Қазақ тілінде 9 дауысты, 19 дауыссыз дыбыс бар.

Дауысты дыбыстар: а, ә, о, ө, е, ұ, ү, ы, і.

Дауыссыз дыбыстар: б, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ш, у.

### ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР

Дауысты дыбыстар таза үннен тұрады. Ал үн өкпеден шыққан ауаның дауыс шымылдығынан өткендегі дірілінен пайда болады.

Дауысты дыбыстар былайша жіктеледі:

Тілдің қатысына қарай	Жуан	а, о, ұ, ы
	Жінішке	ә, е, ө, ү, і
Жақтың қатысына қарай	Ашық	а, ә, е, о, ө
	Қысаң	ұ, ү, ы, і
Еріннің қатысына қарай	Еріндік	о, ө, ұ, ү
	Езулік	а, ә, е, ы, і

Барлық дауысты дыбыстар дауыссыздармен тіркеседі және сөзде буын жігін құрайды.

### ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР



#### Есте сақтаңдар!

Ахмет Байтұрсынұлы үнді дауыссыздарды *жартылай дауыстылар* деп атаған.

Қатаң	к, қ, п, с, т, ш
Ұяң	б, г, ғ, д, ж, з
Үнді	р, л, й, у, м, н, ң

Дауыссыз дыбыстар өкпеден шығатын ауаның кедергіге ұшырауынан жасалады. Дауыстылар таза үннен жасаққа, дауыссыздарда салдыр басым болады.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай **қатаң, ұяң, үнді** болып үш топқа жіктеледі.

Қатаң, ұяң дауыссыздар таза салдырдан тұрады, дегенмен ұяң дауыссыздарда болар-болмас үн болады. Ал үнділерде, керісінше, үн басым болады.

# Көне түркі тілі

# Қазіргі қазақ тілі



8 дауысты дыбыс( а, о, у, ы, е, ө, ү, і) және  
16 дауыссыз дыбыс болған [2].  
( б, п, д, т, к-қ, ғ-г, й, ч, с, ш, з, м, н, ң, л, р)

9 дауысты дыбыс( “ә” қосылған ) және  
19 дауыссыз дыбыс бар. [1]  
( + “ж, ” және “к”, “ г” )

Дауыссыз дыбыстар жуан және жіңішке  
болып бөлінеді.[2]

Дауыссыз дыбыстар қатаң, ұяң, үнді деп  
бөлеміз. [1]

Буын түрлері: ашық, бітеу [2] .

Ашық, бітеу және тұйық. [1]





## “Ә” дыбысы туралы қызықты факт

- “Ә” дыбысы ғалымдардың айтуынша, араб– парсы тілдерінен келген дейді.. Мысалы, “әділет, әкім, әркім, әскер, әдет” сөздері парсы тілінен енген. [2]



- Ал, әлі күнге дейін оңтүстік және батыс аймақтарда “ә” –ні “а” –ға алмастырып айтады.  
кәрі– қары (Шу, Маңғ., Ақтөбе)  
бәрі– бары (Маңғ.)  
әжім– ажым (Маңғ.) [3]



# Қазақ және өзбек тілі




Буын үндестігі — сөздің ішіндегі дауысты дыбыстардың бір-біріне үндесіп, жуан не жіңішке болып айтылуы.  
Мысалы, *бала-лар, оқу-лық.*

**Ал, өзбек ұлты тарихта араб-парсы елдеріне жақын болғандықтан, өзге тілдер әсер етіп, өзбек тілінде буын үндестігі әлсірей бастады.**

**Мысалы: Бас-ы-мыз (қаз.)– baş-i-miz (өзб.) [4]**





**Өзбек тілі – туыс тіл, бірақ парсы мен араб тілдерінің әсерінен біраз өзгерген.  
Қазақ тілі – көне түркі тілінің заңдылықтарын, дыбыстарын, буын үндестігін  
сақтап қалған өте ежелгі тіл.  
Сондықтан, біздің тіл сан ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп келе  
жатқан асыл мұра!**

## **Әдебиеттер тізімі:**

- 1. “Қазақ тілі. 5 сынып”, Қапалбек Б., Алматы 2007;**
- 2. “Қазақ тілінің тарихи грамматикасы.”  
Мажитаева Ш.;**
- 3. “Түркі тілдеріндегі дыбыс  
сәйкестіктері”(монография), Раева Г.М.;**
- 4. “К проблеме небной гармонии гласных в  
узбекском языке” (мақала), Т. Коджаоглу**